

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

беспрепятственный доступ любого заинтересованного лица к этим текстам. До настоящего времени государства-участники ЕАЭС решали эти проблемы самостоятельно. Однако, для половины государств-участников ЕАЭС отсутствие перевода МСА делает эту проблему весьма острой.

Финансовые проблемы применения МСА заключаются в ограниченности финансовых ресурсов государств-участников ЕАЭС.

Кадровые проблемы применения МСА состоят в недостаточном уровне знаний и навыков в области МСА у аудиторов. Они усугубляются отсутствием или недостаточным количеством и качеством методических материалов по переходу к применению МСА, в том числе на национальных языках.

Методические проблемы применения МСА заключаются в трудностях реализации требований МСА, в том числе из-за несоответствия некоторых положений МСА национальным нормативным правовым актам. Решению методических проблем в большей степени способствует активное сотрудничество государств-участников Таможенного союза с международными организациями в области аудиторской деятельности [4].

Решение этих проблем позволит реализовать в полной мере преимущества применения МСА как в Республике Казахстан так и в странах содружества.

Таким образом, рассмотрев опыт регулирования аудиторской деятельности в государствах-участниках ЕАЭС можно отметить определенный прогресс, достигнутый государствами-участниками ЕАЭС в создании национальных систем и институтов регулирования и развития аудиторской деятельности; которые, в целом, сопоставимы с международно признанной практикой. Следовательно, основой дальнейшего развития этих систем в странах-участниках ЕАЭС является применение МСА в качестве основного инструмента регулирования аудиторской деятельности, а также активизация создания профессиональных аудиторских организаций, что будет способствовать более эффективному контролю над аудиторскими компаниями, и повышению эффективности их деятельности в целом.

Список использованных источников:

- 1 Азанов Б. К. Договор о Евразийском экономическом союзе: комплексный правовой анализ (Раздел I. Общие положения. Раздел II. Основные принципы, цели, компетенция и право союза). Евразийская интеграция // [http:// www.eurasialaw.ru/](http://www.eurasialaw.ru/)
- 2 Данные интернет-портала СНГ // [http:// www.e-cis.info/index.php?id=860](http://www.e-cis.info/index.php?id=860)
- 3 Информация о состоянии рынка аудиторских услуг и применении Международных стандартов аудита в государствах-участниках СНГ, Москва, 2014 год // [http:// www.e-cis.info/page.php?id=24097](http://www.e-cis.info/page.php?id=24097)
- 4 Основы аудита // [Электронный ресурс]. 28.03.2012- Режим доступа: [http:// knigi-uchebniki.ru/osnovy-audita](http://knigi-uchebniki.ru/osnovy-audita)

ӘОЖ 331.24

ҚАЗІРГІ НАРЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАСҚАРУ ЕСЕБІНІҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Алдынгарова Даметер Тлеугабыловна

dt_aldyngarova@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Есеп, аудит және талдау кафедрасының 3 курс студенті ,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Б. Алибекова

Басқару есебінің негізгі сұрақтары болып қандай да бір салаға жұмсалатын ресурстар көлемі туралы шешім қабылдау, жоғалтулар дәрежесін төмендету мен оңтайлы пайдалану

жолдарын іздеу, қол жеткізген нәтижені бағалау табылады. Осы мәселелрді шешу үшін, өндірістік шығындардың арасындағы экологиялық компоненттерді ескеру қажет. Экологиялық компонент барлық өндірістік шығындар құрамына кіреді. Мысалы, егер өндірістік үрдіс кезінде шикізаттың белгілі бір бөлігі қолданылмай қалдық болып есептелсе, онда бұл шикізат бөлігінің құны мен қалдықты өңдеу, кәдеге жарату шығыстары әдетте экологиямен тікелей байланыста болады. Сонымен қатар, экологиялық компоненттер қоршаған ортаға ықпалын есепке алу қажеттілігін туғызатын өндірістік объектілерді құру немесе жою кезіндігі шығындарда орын алады.

Жоғарыда айтылған себептерге байланысты бүгінгі таңда экологиялық есеп бүкіл дүние жүзіндегі қарқынды дамып келе жатқан сала болып табылады. Экологиялық есеп мәселесіне тек ұлттық деңгейде ғана емес (әсер ететін факторларды ескере отырып таза ЖҰӨ мен өзге де макроэкономикалық көрсеткіштерді алуға тырысу), сонымен қатар концерндер мен жеке ұйымдар деңгейінде де үлкен қызығушылық танытылып отыр. Бұл бағыттағы зерттеу жұмыстар шет елдерде өткен ғасырдың 70 жылдарынан бастап жүргізіле бастады, және бүгінгі таңда экологиялық есептің түрлі модельдері мен экологиялық шығындарды есепке алудың әдістері ұсынылып отыр.

Бұл салада ғалымдардың көп жылдар бойы зерттеу жұмыстарын жүргізгенімен, экологиялық есеп ұғымына бірегейлендірілген анықтама әлі күнге дейін жоқ.

Осылайша, С.М. Шапигузов пен Л.З. Шнейдман экологиялық есеп ұғымын табиғатты қорғау есебінің жүйесі деп түсінеді. Олардың пікірінше, табиғатты қорғау есебінің жүйесі келесі құрауыштардан тұру керек: табиғатты қорғау шығындары, экологиялық міндеттемелер есебі, табиғатты қорғау туралы есептілік пен экологиялық аудит. [1] Сондай-ақ, көптеген ғалымдар да экологиялық есепті табиғатты қорғау есебімен теңестірді. [2, 3, 4]

Ал Ильичева Е.В. бұл ұғымға келесідей анықтама берді: «экологиялық есеп – қазіргі таңда жүйелілігі жоқ, экологиялық ақпаратпен қамтамасыз ететін шаруашылық субъектісінің бухгалтерлік есебіндегі дербес бағыт». [5. 44б.]

Ғалымдардың білдірген пікірлеріне сүйене отырып, біз мынадай қорытынды жасай аламыз. Экологиялық есеп – қолда бар табиғи ресурстардың саны мен сапасы туралы ақпаратты жинақтау және талдау әдістерінің бірі, және де осы ресурстарды рационалды қолданылуын ұйымдастыратын экологиялық басқарудың функциясы.

Экологиялық есеп бағытын тереңірек зерделей келе, біз бұл мәселені зерттеумен айналысатын ғалымдардың экологиялық есепті қандай құрауыштарға бөлгенін қарастырдық. (Кесте 1)

Кесте 1 - Ғалымдардың экологиялық есеп құрауыштарын бөлуін салыстыру

р/с	Авторлар	Көз қарастар мен ұсыныстар
1	Шапигузов С.М. Шнейдман Л.З.	1. Табиғатты қорғау шығындары есебі; 2. Экологиялық міндеттемелер есебі; 3. Табиғатты қорғау туралы есептілік 4. Экологиялық аудит. [1]
2	Муруева Э.К.	1. Экологиялық қаржылық есеп пен есептілік (сыртқы), және экологиялық аудит (сыртқы); 2. Экологиялық менеджмент, экологиялық басқару есебі мен талдауы, экологиялық бақылау; 3. Ұлттық статистикалық есеп (экологиялық-экономикалық есеп) пен есептілік. [6. 11б.]
3	Тайгашинова К.Т.	1. Экологиялық міндеттемелер есебі; 2. Экологиялық бағдарланған есептілік; 3. Экологиялық аудит. [7. 124б.]

Келтірілген кестеде экологиялық есеп құрауышы ретінде тек Муруева Э.К. ғана экологиялық басқару есебін атап өтті. Дегенмен, Халықаралық бухгалтерлер

федерациясының нұсқаулығына сәйкес (IFAC, 2005 ж.), экологиялық есеп келесі деңгейлерде қарастырылады:

- басқару деңгейінде – басқару есебінің құрамы мен қаржылық есеп құрамында;
- геофизикалық және геополитикалық деңгейлерде – экологиялық есеп ақпараттары белгілі бір мемлекеттің немесе бүкіл әлемдегі бөлек экожүйелерді бағалау үшін жинақталады. [6, 116.]

Осыған орай экологиялық есепті құрайтын экологиялық басқару есебіне тоқталып өтейік.

Қазіргі таңда қоршаған ортамен байланысты қандай да бір сұрақтарда дәстүрлі басқару есебінің қолданатын әдіс-тәсілдерінің кемшіліктері көптеп орын алуда. Дәстүрлі басқару есебі «оңтайлы шешімдерді қабылдауда өзінің өзектілігін жоғалтқан» деген сынға алынып отыр. Себебі, өндірісте оңай анықталынатын көзге көрінерлік шығыстардан өзге көрінбейтін шығыстар да орын алады, олар әдетте қарапайым шығындардың бір бөлігін қамтып, сезілмей кетеді. Мысалы, егер басшы экологиялық сұрақтарды шешу үшін белгілі бір уақытын жұмсаса, осы уақытқа есептелген еңбекақы да экологиялық шығын ретінде бағалануы тиіс. Дәстүрлі басқару есебінде мұндай фактілерге мән берілмейді. Екіншіден, нақты экологиялық шығындардың өзі жанама шығындар немесе басқарушылық шығындар ретінде есептелінеді.

Экологиялық басқару есебі жалпы бухгалтерлік есеп жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады деп есептейміз. Дәстүрлі басқару есебімен салыстырғандағы оның айырықша сипаттамалары ретінде келесілер табылады:

- 1) экологиялық басқару есебі экологиялық шығындарға айырықша көңіл бөледі;
- 2) экологиялық басқару есебі тек құндық ақпаратты ғана емес, сонымен қатар материалдардың, су мен энергияның бүкіл ұйым бойынша, шығын орталықтары мен өндірістік үрдістер бойынша, және де арнайы құралдардың физикалық ағындары туралы ақпаратты қамтиды.
- 3) экологиялық басқару есебінің ақпараттары ұйым қызметіне пайдалы шешім қабылдауға көмектеседі. [6. 136.]

Экологиялық есепті дамытудың өткір мәселесі тұрғанымен, ал оның ішінде экологиялық шығындар есебін ұйымдастыратын экологиялық басқару есебін жүргізу қажеттігінің маңыздылығына қарамастан, бүгінгі таңда өкінішке орай экологиялық есепті ұйымдастыратын қаржылық есептіліктің стандарты жоқ. Сол себепті, экологиялық есептілік есеп жұмысының негізіне кірмейді. Қажетті ақпараттың жоқтығы жергілікті мекемелер мен қоғамның болашақтағы және қазіргі кездегі экологиялық зиянның орнын толтыру бойынша шешімдер қабылдауына кедергі келтіреді.

ХҚЕС – 2 «Қорлар» экологиялық шығындардың тобын қарастырмайды. Экологиялық есеп негізінде алынатын ақпарат жасалған жұмыстардың табиғи ортаға әсерін бағалауда маңызды құрал ретінде танылады. Экологиялық есеп экологиялық менеджментті ақпаратпен қамтамасыз ететін жүйе ретінде қалыптаспағанша, біз келтірілген экологиялық зиянда дұрыс бағалай алмаймыз. [7. 1246.]

Жоғарыда айтылып кеткен себептерге орай, біз қолданыста болған және қолданылып жүрген Типтік шоттар жоспарында экологиялық шығындарды есепке алу қарастырылмағандықтан, сонымен қатар, халықаралық қаржылық есеп стандарттарында да экологиялық шығындар есебін ұйымдастыруға арналған стандарттың жоқтығынан, типтік шоттар жоспарына экологиялық шығындар баптарын есепке алатын топтар мен арнайы стандартты дайындау керек деп санаймыз.

Ғалымдардың пайымдауынша, дәстүрлі басқару есебі қазіргі заманның талаптарына сай келмейді, сол себепті жетілдірілген экологиялық басқару есебін енгізуді ұсынып отыр. Бұл басқару есебінің моделінде тек табиғатты қорғаумен байланысты шығындар ғана емес, сонымен бірге адам денсаулығына зиян тигізбей, керісінше пайдалы болатын сапалы өнім өндірумен байланысты шығындар да көрініс табуы тиіс.

Экологиялық мәселелердің барлық салаларда орын алып жатқанына қарамастан (өндірісте, құрылыста, аграрлық секторда, транспорт саласында, т.б.), әлі күнге дейін заманауи экологиялық есептің негізгі ережелері мен нормалары бір жүйеге келтірілмеген. Сондықтан, ҚР экономикалық сектордың барлық салаларында экологиялық есеп пен есептіліктің дамытылған жүйесі керек. Сонымен қоса, әр салада экологиялық есептің әдістемесін жете дайындау қажет.

Біз басқару есебі саласындағы белгілі ғалым Тайғашинова К.Т. көзқарасын дұрыс деп санамыз және әр салада келесілерді қарастыру маңызды:

- экологиялық таза өнімді өндіруге кеткен шығындар есебі;
- қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету;
- құралдың физикалық тозуы мен экологиялық тәуекелдің алдын алумен байланысты шығындар есебі;
- ресурстық энергияны тұтынуды қысқарту;
- қалдықсыз өндірісті қамтамасыз ету немесе қалдықтар көлемін минимизациялау;
- зиянды қалдықтарды қайта өңдеу, пайдаға асыру немесе жерге көму;
- сыртқа шығарылған зиянды заттардан тазалау;
- егістік алқаптар мен жайлау жерлерін қалпына келтіру, сауықтыру шаралары;
- қалдықсыз өндірісті қалыптастыратын мамандарды оқытуға шығындар. [7, 128б.]

Сонымен, экологиялық басқару есебін енгізу ұйымның экологиялық тиімді жұмыс істеу тәртібіне, қоршаған ортаға зиянды ықпалының азаюына, адам денсаулығына зиянсыз өнім өндіруіне, рентабельділігінің артуына, инвестицияны тартуға, экономиканың тұрақты дамуына өз септігін тигізеді.

Қолданылған әдебиет:

1. Бартоломео М. Управленческая отчетность по экологии в нефтедобыче и энергетике: позитивный опыт // Экологический учет и аудит: Сб. статей / Под ред. Шнейдмана Л.З.- М.: ФБК-ПРЕСС, 1997.- с. 3960
2. Терехова В.А., Васильчук О.И., Петрова А.Ю. Учет затрат на природо- охранную деятельность // Экологические проблемы современности. Сборник научных статей научно-практического семинара.-Тольятти,1997.-С. 43-49.
3. Скидж О.В., Заболотная С.И. Учет и отчетность о затратах на охрану окружающей среды // Охрана природной среды (Экономический аспект) — Донецк, 1982. - С. 10-15.
4. Насакина Л.А. Особенности бухгалтерского учета затрат на природо-охранную деятельность на предприятиях химической промышленности: Автореф. дис., канд. экон. - М.: 1999. - 22 с.
5. Ильичева Е.В. Экологический учет в условиях реализации политики экологической сбалансированности [Текст]: автореферат. дис. ... д-ра.экон.наук / Е.В. Ильичев. – Орел: ГОУ ВПО «Орловский государственный технический университет», 2010. – 44с.
6. Муруева Э.К. Экологические аспекты бухгалтерского учета (на примере лесного сектора экономики). Спец.08.00.12. – Бухгалтерский учет, статистика. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата экономических наук. Санкт-Петербург, 2007. – 24с.
7. Углубленный управленческий учет: учебник/ К.Т. Тайгашинова, С.А. Сатаева, С.Ш.Лапбаева. – Алматы: Экономика, 2014. – 184с.